

АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

16 наурыз 2023 ж.

№2/1

Атырау қаласы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 бабына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі №2 отырысында «Мемлекеттік қызмет сапасын арттыру» туралы Атырау облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары М.Әбуовтың баяндамасын және Кеңестің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Қоғамдық бақылау, құқық қорғау мәселелері бойынша» комиссиясының зерделеу жұмыстарының қорытындысын тыңдап **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атырау облысы әкімі аппаратына

Тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді ұсыну саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелін азайту мақсатында мына ұсынымдар берілсін.

1) Жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі ақаулардың алдын-алу шараларын қабылдау;

2) Тұрғын үй құрылысын салуға арналған жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге қатысты шешім қабылдауда сол аумақтағы тұрғындар мен қоғамдық пікірді ескеру;

3) Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі мен түрлері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2. Білім беру басқармасына

1) Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау кезегі электрондық жүйесінің бұзылмауын бақылау;

2) Қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша жергілікті тұрғындарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау, біліктілігін арттыру ұсынылсын.

3. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Еңбек инспекциясы басқармасымен бірлесіп

Шетелдік жұмыс күшін тартушы мекемелер мен шетелдік мамандардың Еліміздің еңбек заңнамасының сақтауын қадағалау жұмыстарын күшейту ұсынылсын.

Кеңес төрағасы



М.Ізбасов